

Құлманов С. Шеттілдік терминдерді таңбалау (транслитерациялау, транскрипциялау) мәселесіне // «QAZAQ JAZÝYNYŇ TARIHÝ JÁNE LATYN ÁLIPBİİNE KÓSHÝDİŇ ĞYLYMI-TÁJIRIBELİK NEGİZDERİ» атты республикалық конференция. –Астана, 2018.

С.Қ. Құлманов

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
жетекші ғылыми қызметкері, филол.ғ.к., доцент

## ШЕТТІЛДІК ТЕРМИНДЕРДІ ТАҢБАЛАУ (ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ, ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ) МӘСЕЛЕСІНЕ

Шет тілдерінен енген кірме элементтердің (жалқы есімдер, ғылым салалары терминдері, қысқарған сөздер және т.б.) бастапқы дыбыстық-графикалық «бейнесін» сақтап жазуда үш тәсіл қолданылады: *трансплатациялау*, *транслитерациялау* және *транскрипциялау*.

*Трансплантациялау* (лат. *trans* – арқылы, қайта; *plantatio* – өсімдіктерді отырғызу; *transplantare* – ауыстырып салу) – «мәтінге шет тілдерінің сөздерін (атауларды, есімдерді) графикасын сақтай отырып тікелей енгізу» [1, 11]. Бұл тәсіл қазақ тілінде негізінен БАҚ-та, ісқағаздарында, ішінара ғылыми әдебиетте қолданылады. Мысалы, «АРЕС PetroTechnic» жоғары колледжінде «*Consolidated Construction Company*» (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.) компаниясы бағдарламасының біліктілікті арттыру курстары ашылды («Егемен Қазақстан». №44 (29025). 03.03.2017.), *CD-жазба*, *Windows-бағдарламалар* және т.б.

*Транслитерациялау* (лат. *trans* – арқылы, қайта; *littera* – әріп) – бір жазудың таңбаларын екінші бір жазудың таңбаларымен дәл беру. Транслитерациялауда бір жазу жүйесінің бір таңбасы (немесе таңбалар тізбегі) екінші бір жазу жүйесінің бір ғана таңбасымен (немесе таңбалар тізбегімен) беріледі. Транслитерациялау негізінен жалқы есімдерді, әртүрлі саяси және мәдени-тұрмыстық реалийлерді беруде қолданылады. Мұнда әріптердің сәйкестігі ғана ескеріліп, дыбыстарға көңіл бөлінбейді. Сондықтан транслитерациялау негізінен тілге санскрит, латын, грек сияқты «өлі» тілдердің сөздерін алғанда қолданылады. «Тірі» тілдерді транслитерациялау әдетте «ымыра» жолымен шешіледі, өйткені дыбысталу формасынан тым алшақтап кетпеу үшін белгілі бір шамада айтылымды да ескеру қажет болады. Басқаша айтқанда, әліпби емес, осы тілде қабылданған графика жүйесі транслитерацияланады. Мысалы, *Daudet* француз жалқы есімі орыс тілінде *Додэ (Доде)* түрінде транслитерацияланады, яғни француз тіліндегі айтылуы ескеріледі [2].

*Транскрипциялау* (лат. *trans* – арқылы, қайта; *scribo* – сызамын, жазамын) – шеттілдік сөздердің дыбыстарын (негізінен жалқы есімдер,

ғылым салалары терминдері және т.б.) қабылдаушы тілдің әліпбиіндегі әріптермен беру.

Жалпы халықаралық тәжірибеде шет тілдерінің сөздерін белгілі бір тілдің әліпбиі арқылы таңбалауда төрт түрлі графикалық тәсіл (немесе осы тәсілдер аралас) қолданылуы мүмкін: *бір таңбаны бір таңбамен беру; бір таңбаны таңбалар тізбегімен беру; бірнеше таңба тізбегін бір таңбамен беру; бірнеше таңба тізбегін бірнеше таңба тізбегімен беру.*

Шеттілдік терминдер осы кезге дейін қазақ тіліне аралық (делдал) орыс тілі арқылы алынып келгені, ал басқа тілдердегі, негізінен ағылшын тіліндегі терминдер орыс тілінің заңдылықтарына бейімделіп алынғаны белгілі.

Осы ретте біз қазақ тіліндегі шеттілдік терминдердің ағылшын-орыс-қазақ тілдеріндегі негізгі терминжасамдық үлгілерін көрсете отырып, олардың латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінде таңбалану (транслитерациялану, транскрипциялану) мәселесіне көңіл аударып отырмыз.

**Шеттілдік терминдердің ағылшын-орыс-қазақ тілдеріндегі терминжасамдық үлгілер:**

**I Түбір сөз → түбір сөз → түбір сөз**

**а) түбір сөз**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
azimuth	азимут	азимут	azimóz	aziimýt
garag(e)	гараж	гараж	garaǵ	garaǵ
drainag(e)	дренаж	дренаж	dreinag	drenaj
camera	камера	камера	camera	camera
order	ордер	ордер	order	order

Келтірілген мысалдардан ағылшын және орыс тілдеріндегі түбір терминдерді таңбалауда айтарлықтай айырмашылық байқалмайтындай көрінеді. Алайда әртүрлі элементтермен түрленген түбір сөздердің жазылуында (айтылуында) ерекшеліктер болатынын төмендегі деректерден көруге болады.

**ә) түбір сөз + -tics → -тика → -тика**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
didactics	дидактика	дидактика	didaktıks	didaktıka
tactics	тактика	тактика	taktıks	taktıka
onomastics	ономастика	ономастика	onomastıks	onomastıka

**б) түбір сөз + -um → -ий → -ий**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
solarium	солярый	солярый	solarıým	solarıı
myometrium	мио метрий	мио метрий	miometriým	miometriı

**в) түбір сөз + -y → -ия → -ия**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
analogy	аналогия	аналогия	analodǵı	analogia
demagogy	демагогия	демагогия	demagodǵı	demagogia
dynasty	династия	династия	dınastı	dınastia

## II Күрделі интерлингвизмдер

### а) түбір сөз + түбір сөз

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
agglomerate	агломерат	агломерат	aglomerit	aglomerat
acropolis	акрополь	акрополь	acropolis	akropol
hydrocyclone	гидроциклон	гидроциклон	haidrotsikloýn	gidrotsiklon
isotherm	изотерма	изотерма	izozerm	izozerma
carbolineum	карболинеум	карболинеум	karbolineým	karbolineým

Мұнда да ағылшын және орыс тілдеріндегі күрделі интерлингвизмдердің таңбалануында айтарлықтай айырмашылық байқалмағанымен, әртүрлі элементтермен түрленгенде олардың жазылуында (айтылуында) ерекшеліктер болатынын мына мысалдардан көреміз.

### ә) түбір сөз + -cenosis → -ценоз → -ценоз

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
biocenosis	биоценоз	биоценоз	biotsenoziz	biotsenoz
zoogeocoenosis	зоогеоценоз	зоогеоценоз	zoogeosoenoziz	zoogeotsenoz
anthropogeocoenosis	антропогеоценоз	антропогеоценоз	antropogeosoenoziz	antropogeotsenoz
physiocenosis	физиоценоз	физиоценоз	piziosenoziz	piziotsenoz

### б) түбір сөз + -scope → -скоп → -скоп

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
kinescope	кинескоп	кинескоп	keneskope	kineskop
stereoscope	стереоскоп	стереоскоп	stereoskope	stereoskop
endoscope	эндоскоп	эндоскоп	endoskope	endoskop
telescope	телескоп	телескоп	telesrope	teleskop

### в) түбір сөз + -genesis → -генез → -генез

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
glycogenesis	гликогенез	гликогенез	glıkogeneziz	glıkogenez
nomogenesis	номогенез	номогенез	nomogeneziz	nomogenez
gynogenesis	гиногенез	гиногенез	ginogeneziz	ginogenez
sanogenesis	саногенез	саногенез	sanogeneziz	sanogenez

### г) түбір сөз + -gram → -грамма → -грамма

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
instagram	инстаграмма	инстаграмма	instagram	instagramma
epigram	эпиграмма	эпиграмма	epigram	epigramma
logogram	логограмма	логограмма	logogram	logogramma
ergogram	эргограмма	эргограмма	ergogram	ergogramma
radiogram	радиограмма	радиограмма	radiogram	radiogramma

### ғ) түбір сөз + -graphy → -графия → -графия

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
bibliography	библиография	библиография	bibliograpı	bibliograpıa
paleography	палеография	палеография	paleograpı	paleograpıa
choreography	хореография	хореография	horeograpı	horeograpıa

cardiography	кардиография	кардиография	kardiographı	kardiographia
--------------	--------------	--------------	--------------	---------------

**д) түбір сөз + -metry → -метрия → -метрия**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
hydrometry	гидрометрия	гидрометрия	haidrometrı	gidrometriä
thermometry	термометрия	термометрия	zermometrı	termometriä
ionometry	ионометрия	ионометрия	ionometrı	ionometriä
anthropometry	антропометрия	антропометрия	anzropometrı	antropometriä

**е) түбір сөз + -nym → -ним → -ним**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
ethnonym	этноним	этноним	etnonim	etnonim
toponym	топоним	топоним	toponim	toponim
paronym	пароним	пароним	paronim	paronim
cryptonym	криптоним	криптоним	kriptonim	kriptonim

**II -ant → -ант → -ант**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
toxicant	токсикант	токсикант	toksikant	toksikant
declarant	декларант	декларант	dellarant	dellarant
determinant	детерминант	детерминант	determinant	determinant
hydrant	гидрант	гидрант	haidrant	gidrant

**III -ator → -атор → -атор**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
radiator	радиатор	радиатор	radeitor	radiator
respirator	респиратор	респиратор	respireitor	respirator
excavator	экскаватор	экскаватор	ekskaveitor	ekskavator
elevator	элеватор	элеватор	eleveitor	elevator
escalator	эскалатор	эскалатор	eskalaitor	eskalator

**IV -ing → -инг → -инг**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
camping	кемпинг	кемпинг	kempriń	kemping
pudding	пудинг	пудинг	pudiń	puding
folding	фолдинг	фолдинг	foldıń	folding
branding	брендинг	брендинг	brendiń	brending

**V -ing → -ни/е → // -тау // -дау // -деу // -леу // -лау**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
damping	демпфирование	демпфирлеу	dempriń	dempirleý
sounding	зондирование	зондтау	zoýndıń	zondtaý
modeling	моделирование	модельдеу	modeliń	modeldeý

**VI -ism → -изм → -изм**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
brutalism	брутализм	брутализм	brýtalizm	brýtalizm
classicism	классицизм	классицизм	classısizm	classitsizm
constructivism	конструктивизм	конструктивизм	konstrýktivizm	konstrýktivizm

metabolism	метаболизм	метаболизм	metabolizm	metabolizm
------------	------------	------------	------------	------------

**VII -ist → -ист → -ист**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
tourist	турист	турист	toýrist	týrist
publicist	публицист	публицист	pablisist	pýblisist
artist	артист	артист	artist	artist
communist	коммунист	коммунист	kommýnist	kommýnist
feuilletonist	фельетонист	фельетонист	feýiletonist	feletonist

**VIII -ization → -из/аци/я → -из/аци/я // -деу/-дау/-леу/-каландыру/-тану/-тендіру/-ландыру**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
carbonization	карбонизация	карбондау	karbonizaishin	karbonday
containerization	контейнеризация	контейнерлеу	konteinerizeishi	konteinerley
mechanization	механизация	механикаландыру	mehanizeishin	mehanikalandyry
silicification	силикатизация	силикаттану	silikifeishin	silikattany
typification	типизация	типтендіру	tipifeikeishin	tiplendiry
commercialization	коммерциализация	коммерцияландыру	komersialeishin	komertsialandyry

**IX -logist → -лог → -лог**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
meteorologist	метеоролог	метеоролог	meteorologist	meteorolog
cosmetologist	косметолог	косметолог	kosmetologist	kosmetolog
urologist	уролог	уролог	ýrologist	ýrolog
cryptologist	криптолог	криптолог	kriptologist	kriptolog

**X -logy → -логия → -логия**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
etymology	этимология	этимология	etimoloji	etimologia
pharmacology	фармакология	фармакология	parmakoloji	parmakologia
biology	биология	биология	bioloji	biologia
toxicology	токсикология	токсикология	toksikoloji	toksikologija

**XI -sion → -ия → -ия**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
illusion	иллюзия	иллюзия	ilizion	ilýzia
diffusion	диффузия	диффузия	difýzion	difýzia
inclusion	инклюзия	инклюзия	inklýzion	inklýzia
extrusion	экструзия	экструзия	ekstrýzion	ekstrýzia

**XII -tion → -ци/я → -ци/я**

Ағылшын	Орыс	Қазақ (кирил)	Қазақ (латын)	
			Ағылшын	Орыс
abstraction	абстракция	абстракция	abstrakshin	abstraktsia
derivation	деривация	деривация	derivaishin	derivatsia
proportion	пропорция	пропорция	proporshin	proporstsia
explication	экспликация	экспликация	eksplikaishin	eksplikatsia

regeneration	регенерация	регенерация	regeneraishin	regeneratsıa
--------------	-------------	-------------	---------------	--------------

Талданған тілдік деректер көрсеткеніндей, шеттілдік терминдерді таңбалауда (транслитерациялауда, транскрипциялауда) қазақ тіліне тән емес құбылыстар (тіркесімдер, таңбалар және т.б.) орын алуы мүмкін. Мысалы, а) үш немесе одан да көп дауыссыздың қатар келуі (*аккредитив, коэффициент және т.б.*); ә) екі немесе одан да көп дауыстының қатар келуі (*гидроакустика, радиоактивті және т.б.*); б) **ь, ъ** тәрізді қазақ сөздеріне тән емес таңбалардың алынуы (*вольт, конъюктура және т.б.*).

Қазірге дейін қазақ тілінен (кирилл қарпінен) басқа тілдерге (әліпбилерге) немесе басқа тілдерден (әліпбилерден) қазақ тіліне (кирилл қарпіне) таңбалауға (транслитерациялауға, транскрипциялауға) қатысты басшылыққа алуға болатын ұлттық стандарт немесе қандай да бір заңды құжат қабылданбағандықтан, шеттілдік терминдерді таңбалауда (транслитерациялауда, транскрипциялауда) мына мәселелер шешімін табуға тиіс деп санаймыз:

- шеттілдік терминдерді таңбалауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілінің бірін алу немесе екеуін де қолдану мәселесін шешу;

- шеттілдік терминдерді түпкі тілдегі, ағылшын немесе орыс тіліндегі жазылуы (айтылуы) бойынша таңбалау мәселесін шешу;

- шеттілдік терминдерді латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінде таңбалаудың (транслитерациялаудың, транскрипциялаудың) орфографиялық ережесін әзірлеу (шеттілдік терминдерді қосымшалар көмегімен түрлендіру; қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына кереғар келетін шеттілдік терминдерді тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіру және т.б.).

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1 Гиляревский Р.С., Старостин Б.А. Иностранные имена и названия в русском тексте: Справочник.. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1985. – 303 с.

2 Зиндер Л.Р. Общая фонетика. 2-е издание. – М. Высшая школа, 1979. – 297 с.